

ХАТТАМА

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және жалпы қоғамда қабылданған әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын (семинар-кеңес) өткізу туралы

2026 жылғы 8 мамыр
09 сағат 00 минут

Өскемен қаласы

Өткізілген орын: ШҚО, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 59/1, 9-шы қабат
Төрағалық етуші: «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Басқарма басшысының м.а. Т. Сағатұлы.

Қатысқандар: Басқарма мүшелері, Аппарат басшысы-корпоративтік хатшы, Департамент директорлары, аудитор және комплаенс-офицер.

Шақырылған тұлғалар: Е.В. Зазулин және А. Курманғалиев – «CERT International» халықаралық ұйымының аудиторлары.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - АҚ) № АВМС-1987/А сәйкестік сертификатын растай отырып, ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне бірінші қадағалау аудитін жүргізу туралы;
2. ISO 37001:2016 халықаралық стандарты туралы жалпы мәліметтер.


Жиынды Қоғамның комплаенс-офицері Е.Б. Кижиков ашып, Қоғам қызметкерлеріне «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ № АВМС-1987/А сәйкестік сертификатын растай отырып, ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне бірінші қадағалау аудитін жүргізу үшін келген «CERT International» халықаралық ұйымының аудиторлары Е.В. Зазулин мен А. Курманғалиевті таныстырды.

Бұдан әрі, сөз кезегі «CERT International» халықаралық ұйымының аудиторлары Е.В. Зазулинге берілді.

Өз кезегінде, Е.В. Зазулин қатысушыларға ISO 37001:2016 халықаралық стандарты туралы жалпы мәліметтерді жеткізді. Бұдан әрі, аудитор А. Курманғалиев аудит өткізу жоспарымен таныстырып, қадағалау аудиті сәтті өткен жағдайда сәйкестік сертификатының қолданылуын растау мүмкін екендігін айтты. Сонымен қатар, менеджмент жүйесіне жүргізілген қадағалау аудитінің бекітілген есебін ұсынылатындығын, онда аудит нәтижелері, оң жақтары, анықталған сәйкессіздіктер (болған жағдайда), сондай-ақ менеджмент жүйесінің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар сипатталатындығын атап өтті.

Жиын соңында баяндамашылар қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Комплаенс-офицер



Е. Кижиков